

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 20 наурызда № 18404 болып тіркелді.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 256 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17306 болып тіркелген, 2018 жылғы 3 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, қорғаныс және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2019 жылғы 15 наурыздағы
№108 бұйрығымен
бекітілген

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.09.2023 № 332 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес

әзірленді және жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде бюджеттік субсидияларды (бұдан әрі – субсидиялар) беру тәртібін, сондай-ақ "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азық дайындауға теріс әсер ететін қалыптан тыс ауа райы жағдайлары – сол өңір мен жыл мезгілі үшін қалыпты немесе әдеттегі ауа райынан ауытқып кететін ауа райы жағдайлары (атмосфералық немесе топырақ құрғақшылығы, аңызак, үсік шалу, көлемі 20 миллиметр (бұдан әрі – мм) және одан да ірі бұршақтың түсуі немесе 12 сағат ішінде және одан аз уақыт ішінде жауын-шашын мөлшері 50 мм және одан да көп қатты нөсерлі жаңбырдың болуы (сел жүру қаупі бар өңірлерде 12 сағат және одан аз уақыт ішінде 30 мм және одан көп нөсерлі жаңбыр));

1-1) арнайы комиссия – облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының деңгейінде құрылатын, "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – "Атамекен" ҰКП) өңірлік кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық салалық одақтардың/қауымдастықтардың/ республикалық палаталардың өкілдерінен және облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшелерінің (бұдан әрі – ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)) мамандарынан қалыптастырылатын және тауар өндірушілерде тиісті инфрақұрылымның, қорытындыларды берудің және кері қайтарып алудың бар-жоғы бойынша салыстырып тексеруді жүзеге асыратын комиссия ;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор – диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жануардың жеке нөмірі туралы, оны ветеринариялық дауалау туралы деректерді, сондай-ақ жануарды иеленуші туралы деректерді тіркеудің бірыңғай, көп деңгейлі жүйесін көздейтін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүзеге асыратын және ветеринария саласындағы уәкілетті орган пайдаланатын ветеринариялық есепке алу бөлігі;

3) бордақылау алаңы – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларына сәйкес берілетін есепке алу нөмірлері бар, жануарларды бордақылауға арналған агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің өндірістік инфрақұрылымы;

4) жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесі – жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Жер кодексінде және "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалатын жер және құқықтық кадастрлардың мәліметтерін қамтитын ақпараттық жүйе;

5) мақсатты пайдалану – сатып алынған және субсидиялауға мәлімделген жануарларды осы Қағидаларда көрсетілген шарттар мен мерзімдерде өсімді молайту мақсатында пайдалану;

6) мал шығынының зоотехникалық нормасы – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 3-3/1061 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12488 болып тіркелген) бекітілген ауыл шаруашылығы жануарларының табиғи кему (өлу) нормаларына сәйкес табиғи кему (өлу), амалсыз сойылуы, сондай-ақ мал шаруашылығы және азық өндіру жөніндегі мамандандырылған бейінді ғылыми ұйымдар ұсынған ауыл шаруашылығы жануарлары басының жарамсыздануы (етті және етті-сүтті бағыттағы ірі қара мал басы – 20%; сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара мал басы – 35%; қойлардың мал басы – 25%; жылқылардың мал басы – 15%; маралдардың (бұғылардың) мал басы – 25%; шошқалардың мал басы – 30%);

7) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қоры – "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 34) тармақшасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган айқындаған оператор жүргізетін, жануарлардың генетикалық әлеуетін жетілдіру және арттыру үшін, сондай-ақ асыл тұқымдық өнімді (материалды) есепке алу үшін пайдаланылатын, асыл тұқымды жануарлар және селекциялық процеске тартылатын жануарлар туралы деректерді жинаудың, жинақтаудың және өндеудің автоматтандырылған жүйесі;

8) селекциялық және асыл тұқымдық жұмысқа қатысатын аналық мал басы – табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын, жыныстық жағынан жетілген бас (ірі қара мал шаруашылығы бойынша: асыл тұқымды жануарлар – 13 айдан бастап, тауарлық жануарлар – 18 айдан бастап, қой шаруашылығы бойынша – 12 айдан бастап, жылқы шаруашылығы бойынша – 36 айдан бастап; марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы) бойынша – 24 айдан бастап, шошқа шаруашылығы бойынша: тауарлық және асыл тұқымды – 8 айдан бастап, толықтыратын бас – 4 айдан бастап);

9) субсидиялар алушылар (бұдан әрі – тауар өндіруші) – ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын жеке немесе заңды тұлға; тектік әлеуеті жоғары малдың (асыл тұқымды мал шаруашылығы) өсімін молайтумен, оларды сақтаумен және өсірумен айналысатын жеке және заңды тұлға; ауыл шаруашылығы жануарларының аналық

басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсететін асыл тұқымдық орталық, асыл тұқымды жануарлардың ұрығы мен эмбриондарын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік орталық, ұрықтандырушы-техник;

10) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – субсидиялауға арналған өтінімдер туралы және СМАЖ-да көрсетілген басқа да мәліметтердің жиынтығы;

11) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – СМАЖ) – " электрондық үкіметтің" веб-порталымен өзара іс-қимыл жүргізуге, субсидиялар алуға арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ оны электрондық түрде автоматтық өңдеуге мүмкіндік беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған, Интернет желісінде орналасқан ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

12) тұқымдық түрлендіру – тауарлық аналық мал басын асыл тұқымды тұқымдық өндірушілермен шағылыстыру жолымен ауыл шаруашылығы жануарларының тұқымдық және өнімділік сапаларын жақсарту;

13) шағылыстыру маусымы – ұрпақ алу мақсатында аналық малды шағылыстыру кезеңі;

14) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

15) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.09.2024 № 331 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Субсидиялау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес субсидиялар тізбесі мен нормативтері бойынша жүзеге асырылады.

Субсидияларды төлеу өтінім берген сәтте осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген субсидияларды алуға үміткер тауар өндірушілерге қойылатын өлшемшарттарға (бұдан әрі – өлшемшарттар) сай келетін, берілген өтінім негізінде жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлік (бұдан әрі – Министрлік) осы Қағидалар өзгерген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде

мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және ақпаратты ЖАО (көрсетілетін қызметті берушілерге), "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

5. Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші туындаған жағдай туралы Министрлікті дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.

2-тарау. Субсидияны қалыптастыру және бөлу тәртібі

6. Субсидиялар көлемін қалыптастыруды және бөлуді ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген субсидиялардың түрлері мен нормативтеріне сәйкес аудандардың/қалалардың жергілікті атқарушы органдары ұсынған ағымдағы жылға арналған субсидиялар көлемдерінің қажеттілігі туралы ақпараттың негізінде, өткен жылғы субсидиялардың жиынтық көлемдерін және бюджет қаражатының болуын ескере отырып жүзеге асырады.

Ұсынылатын субсидиялар көлемдеріне тиісті жылдың 10 қаңтарынан кешіктірілмей ЖАО басшысының (көрсетілетін қызметті берушінің) ЭЦҚ-сы қойылады және СМАЖ арқылы Министрлікке келісуге жіберіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.06.2024 № 217 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Министрлік 2 (екі) жұмыс күні ішінде берілген субсидиялар көлемдерінің осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкестігін қарайды.

Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген субсидиялау нормативтеріне сәйкес келген жағдайда, Министрлік СМАЖ арқылы ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) ұсынған субсидиялар көлемдерін келіседі.

Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген субсидиялар нормативтеріне сәйкес келмеген, субсидиялар көлемін бөлу кезінде қате есептеулер анықталған жағдайда, Министрлік СМАЖ арқылы бас тарту себептерін көрсете отырып, уәжді қорытындыны ЖАО-ға (көрсетілетін қызметті берушіге) жолдайды.

ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) субсидиялар көлемін пысықтау мерзімі 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

8. Субсидиялар көлемі келісілгеннен кейін ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) оларды 2 (екі) жұмыс күні ішінде өзінің ресми интернет-ресурсында орналастырады.

9. Қосымша қаражат бөлінген немесе бұрын келісілген бюджет қысқартылған кезде, ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) мәслихаттың тиісті шешімін және әкім орынбасарының қолы қойылған жазбаша негіздемені қоса бере отырып, осы

Қағидалардың 6 және 7-тармақтарында көзделген тәртіппен субсидиялар көлеміне тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.06.2024 № 217 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Субсидиялар нормативтері, сондай-ақ субсидиялар алу өлшемшарттары, өтінімдер нысандары және өтінімдер беру мерзімдері мынадай:

ауыл шаруашылығы жануарлары басының азығына жұмсалатын шығындардың құнын арзандату;

асыл тұқымдық орталықтардың шет елдік селекцияның мініс бағытындағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлады сатып алу;

Қазақстан Республикасының аумағында өсірілген мініс және мініс-жегін жылқылар тұқымдарының асыл тұқымды мал басын күтіп-бағуға жұмсалған шығындарды өтеу бағыттары бойынша мал шаруашылығы және азық өндіру жөніндегі мамандандырылған бейінді ғылыми ұйымның ұсынымдары негізінде ЖАО (көрсетілетін қызметті берушінің) қаулысымен бекітіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.09.2024 № 331 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Субсидияларды алу шарттары

11. Субсидиялар:

ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын жеке немесе заңды тұлғаларға; тектік әлеуеті жоғары малдың (асыл тұқымды мал шаруашылығы) өсімін молайтумен, оларды сақтаумен және өсірумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға;

ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсететін асыл тұқымдық орталықтарға, асыл тұқымды жануарлардың ұрығы мен эмбриондарын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік орталықтарға, ұрықтандырушы-техниктерге төленеді.

12. Субсидияға өтінім беру үшін тауар өндіруші СМАЖ-да тіркелуі қажет. Тауар өндіруші өз бетінше, ЭЦҚ көмегімен тіркеледі.

13. Жеке кабинетте тіркелу үшін тауар өндіруші мынадай ақпаратты көрсетеді:

1) жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі;

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі, толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-сы;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почтасының мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде тауар өндіруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген деректерді өзгертеді.

14. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) "электрондық үкімет" веб-порталының СМАЖ-бен өзара іс-қимылы арқылы электрондық түрде мыналарға өтінім берілуі:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша ірі қара малдың (сүтті, сүтті-етті, етті және етті-сүтті бағыттағы) асыл тұқымды аналық басын, асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды (етті және етті-сүтті бағыттағы), асыл тұқымды қойларды, асыл тұқымды тұқымдық қошқарды, өнімділік бағытындағы асыл тұқымды тұқымдық айғырды, асыл тұқымды тұқымдық түйені, асыл тұқымды тұқымдық шошқаны, асыл тұқымды мегежіндерді, ешкілердің асыл тұқымды аналық басын, құстардың ет бағытындағы ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын және асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапанды сатып алу үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша асыл тұқымды жануарлардың ұрығы мен эмбриондарын өткізу жөніндегі асыл тұқымдық орталықтардың, дистрибьютерлік орталықтардың және ұрықтандырушы-техниктердің тауар өндірушілердің және ауыл шаруашылығы кооперативтеріндегі ірі қара малдардың/қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша көрсеткен қызметтері үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша ірі қара малдың тауарлық аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 4-нысан бойынша ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 5-нысан бойынша қойдың асыл тұқымды аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 6-нысан бойынша қойдың тауарлық аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 7-нысан бойынша шошқалардың асыл тұқымды және тауарлық аналықтарымен және мал басын толықтыратын аналықтарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 8-нысан бойынша маралдардың (бұғылардың) аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 9-нысан бойынша балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 10-нысан бойынша сүтті және сүтті-етті бағыттағы асыл тұқымды бұқалардың сатып алынған бір жынысты және қос жынысты ұрықтары үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 11-нысан бойынша ірі қара мал мен қой эмбриондарын сатып алу құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 12-нысан бойынша тауық етін өндіру құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 13-нысан бойынша сүт (сиыр, бие, түйе) өндіру құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 14-нысан бойынша ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерінің сүт өндіру құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 15-нысан бойынша ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындары өткізген сиыр етінің құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 16-нысан бойынша бордақылау алаңдарына бордақылауға немесе ет өңдеуші кәсіпорындарына союға өткізілген ірі қара малдың еркек дарақтарының құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 17-нысан бойынша бордақылау алаңдарына бордақылауға немесе ет өңдеуші кәсіпорындарына союға өткізілген ұсақ малдың еркек дарақтарының құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 18-нысан бойынша мініс және мініс-жегін жылқылардың отандық тұқымдарының асыл тұқымды аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

2) ЭЦҚ пайдалана отырып, берілген өтінімді СМАЖ-ға тіркеу;

3) өтінімнің осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігі.

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын талаптардың негізгі тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 4-қосымшада жазылған.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен СМАЖ-дың ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.09.2024 № 331 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14-1. Субсидия алатын тауар өндірушілер агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы өнімінің (тауарларының немесе көрсетілетін қызметтерінің) көлемін ақшалай мәнде (

мың теңге) өсіруді/өткен жылғы деңгейде сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді сақтаулары қажет.

Агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы өнімінің (тауарларының немесе көрсетілетін қызметтерінің) көлемі мынадай формула бойынша айқындалады:

Агроөнеркәсіптік кешеннің өткен жылғы жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) көлемі, мың теңге = агроөнеркәсіптік кешеннің заттай мәндегі өткен жылғы өндірілген өнімінің (тауарларының немесе көрсетілетін қызметтерінің) көлемі, тонна/бас/дана x агроөнеркәсіптік кешеннің өнімінің (тауардың немесе көрсетілетін қызметтің) бағасы, мың теңге.

Еңсерілмейтін күштің (табиғи-климаттық жағдайлардың, фитосанитариялық және эпизоотиялық жағдайлардың нашарлауы) салдарынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда, тауар өндіруші СМАЖ-ға осы фактіні растайтын құжатты (Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің "Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны берген ауа райы жағдайлары туралы анықтаманы және (немесе) ЖАО-ның карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімін және (немесе) жануарлардың ауруын анықтау туралы сараптама актісін (сынақ хаттамасы) және (немесе) егістіктердің зиянкестермен және өсімдіктердің ауруларымен зақымдануы туралы актіні) орналастырады.

Ағымдағы жылғы агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы өнімінің (тауарларының немесе көрсетілетін қызметтерінің) көлемі мен өткен жылғы агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы өнімінің (тауарларының немесе көрсетілетін қызметтерінің) көлемі арасындағы айырма арқылы есептелетін теріс ауытқу жағдайында (осы Қағидаларға 4-1-қосымшаның 8-бағаны) қарсы міндеттеме орындалмаған болып есептеледі. Қарсы міндеттемелерді алғашқы қабылдау кезінде ауытқу нөлге тең болады.

Алдыңғы 2 (екі) жыл қатарынан бірінші рет міндеттемелер орындалмаған және еңсерілмейтін күштің мән-жайларының басталғанын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, ағымдағы күнтізбелік жылы 1 (бір) жылға субсидиялар алуға өтінім беру мүмкіндігі тоқтатылады. Алдыңғы 2 (екі) жыл қатарынан екінші рет және одан кейін де міндеттемелер орындалмаған және еңсерілмейтін күштің мән-жайларының басталғанын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, ағымдағы күнтізбелік жылда 2 (екі) жылға субсидиялар алуға өтінім беру мүмкіндігі тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми ұсынылған ақпаратына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) орташа республикалық бағалар туралы деректерді осы Қағидаларды әзірлеуші 2025 жылғы 20 қаңтарға дейінгі мерзімде СМАЖ-ға орналастырады. Агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің бағасы 2024 жылғы тұрақты негізде белгіленеді. Ресми статистикалық ақпаратта баға туралы деректер болмаған жағдайда, баламалы көздерден алынған

деректер немесе өнімнің осы түрін өндіретін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың 5 (бес) агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің орташа бағасы пайдаланылатын болады.

Агроөнеркәсіптік кешеннің өндірілген жалпы өнімінің (тауарларының немесе көрсетілетін қызметтерінің) көлемі туралы ақпаратты тауар өндіруші осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға өтінім бергенге дейін 20 қаңтардан бастап ағымдағы жылдың соңына дейінгі мерзімде жеке кабинетінде толтырады және электрондық цифрлық қолтаңбамен расталады. Бұл көрсеткіш түзетілмеуге тиіс. Қарсы міндеттемелер туралы мәліметтер қарсы міндеттемелер тізілімінде көрсетіледі және пайдаланушылар үшін жалпыға қолжетімді болып табылады.

Тауар өндірушінің міндеттемелерді орындау деңгейі СМАЖ-да белгіленеді.

Ескерту. 3-тарау 14-1-тармақпен толықтырылды – ҚР ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.06.2024 № 217 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.06.2024 № 217 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алуды, мал басын/өнімді өткізуді растау СМАЖ-мен интеграцияланған электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) арқылы электрондық шот-фактуралармен жүзеге асырылады.

Тауар өндіруші мал басын ЭШФ АЖ-ны пайдаланбайтын шетелдік өндірушіден тікелей сатып алған кезде, сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендік декларациямен (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын үшінші елдерден) немесе "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 456-бабының 2-тармағына сәйкес салық органының белгісімен тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен (өтініштермен) (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан) расталады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.06.2024 № 217 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Құс фабрикалары/бордақылау алаңдары/тауарлық сүт фермалары/сүт дайындаумен айналысатын ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері /сою қуаты 50 бас ірі қара малдан немесе 300 бас қойдан басталатын ет өңдеуші кәсіпорындар осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға үміткер тауар өндірушінің өндірістік қуаты және инфрақұрылымының сәйкестігіне арнайы комиссияның қорытындысын (бұдан әр – қорытынды) алады. Комиссияның қалыптасу рәсімі мен жұмысы "Атамекен" ҰКП-ның шешімімен регламенттеледі. Арнайы комиссияның құрамы арнайы комиссияның қызметінде мүдделер қақтығысын болдырмауды ескере отырып құрылады.

18. Арнайы комиссия кәсіпорындардың өндірістік қуатын, сондай-ақ, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес инфрақұрылымының бар-жоғын салыстырып-тексереді және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды береді. Сканерленген көшірмені және қорытындының мәліметтерін, сондай-ақ, фото және бейнематериалдарды міндетті түрде қоса бере отырып ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) арнайы комиссияның қол қойылған қорытындысын берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде СМАЖ-ға енгізеді.

Кәсіпорынның өндірістік қуатын және инфрақұрылымға сәйкестігін айқындау 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтеусіз негізде "Атамекен" ҰКП-ның өңірлік кәсіпкерлер палатасына тауар өндірушінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Қарау мерзімі тауар өндірушінің келісуі бойынша 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Арнайы комиссия кәсіпорынның өндірістік қуаты және инфрақұрылымға сәйкестігін салыстырып тексеру құжаттаманың (техникалық және/немесе құқық беруші) негізінде фото және бейнематериалдарды міндетті түрде қоса бере отырып, үш жылда бір рет не осы Қағидаларда белгіленген өлшемшарттар өзгерген кезде жүзеге асырады.

Арнайы комиссияға жыл сайын қорытынды алған тауар өндіруші қызметінің субсидиялаудың әр түрі бойынша өндірістік қуаты мен инфрақұрылымға сәйкестігіне мониторинг жүргізуге және егер бұзушылықтар анықталса, тауар өндірушіден қорытындыны қайтарып алуға уәкілеттік беріледі.

Арнайы комиссияның шешімдеріне шағымдану сот тәртібімен жүргізіледі.

4-тарау. Өтініштерді қабылдау, қарау және субсидияларды төлеу тәртібі

19. Субсидиялардың тиісті түрлеріне өтінімдер қабылдау бюджет қаражатының бар-жоғына қарамастан осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өлшемшарттарда көзделген мерзімдерде ауыл шаруашылығы жануарларының тіркелген орны бойынша жүзеге асырылады.

20. Өтінімді қалыптастыруды және тіркеуді тауар өндіруші жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) мәліметтерді енгізе отырып, өтінім қалыптастырады, сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмесін сканерлейді және қоса тіркейді;

2) өтінімді СМАЖ-да:

тауар өндірушінің;

нотариус тағайындайтын мұраны сенімгерлікпен басқарушының (тауар өндіруші қайтыс болған жағдайда) ЭЦҚ-сын қою арқылы тіркейді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.06.2024 № 217 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. ЭЦҚ қойылғаннан кейін өтінім ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) Жеке кабинетінде қолжетімді болады. ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) өтінім келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде деректердің және қоса берілген осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген құжаттардың толықтығына тексеруді жүзеге асырады. Сәйкес болған жағдайда, өтінім мақұлдануға жатады, ЖАО (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысының ЭЦҚ-сы қойылады және мақұлданған өтінімдер тізіліміне (күту парағына) барып түседі, сондай-ақ ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялау алуға арналған өтінімді қарау нәтижелері туралы хабарлама жібереді.

Өтінімдерді қарау және мақұлданған өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу өтінімдерді тіркеу күні мен уақытына сәйкес кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.06.2024 № 217 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Субсидиялар беруден бас тарту үшін негіздер болған кезде ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) тауар өндірушіге осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тартуды жолдайды.

23. Субсидияларды беруден бас тарту Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

24. Тиісті бағыт бойынша қаражат болған жағдайда, ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) өтінім мақұлданғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде ай сайынғы қаржыландыру жоспарын ескере отырып, "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған шоттарды СМАЖ-да қалыптастырады.

Субсидия көлемі тиісті айға арналған Қаржыландыру жоспарында көзделген бюджеттік қаражат көлемінен асатын өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу өтінімдердің келіп түскен күніне сәйкес кезектілік бойынша келесі айда жүзеге асырылады.

Екінші деңгейдегі банктің ағымдағы шотының деректемелері туралы қате мәліметтерге байланысты төлеуге шоттар қайтарылған жағдайда, ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) тауар өндірушіден екінші деңгейдегі банк шотының деректемелерін өзгертуге арналған қосымша өтініш негізінде ағымдағы өтінім бойынша СМАЖ-да екінші деңгейдегі банктің деректемелеріне тиісті өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.06.2024 № 217 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24-1. Өтінімді толық қанағаттандыру үшін қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) СМАЖ арқылы тауар өндірушінің жеке кабинетіне тиесілі субсидияларды ішінара төлеу жөнінде ұсыныс жолдайды. Тауар өндірушінің ұсынысы 2 (екі) күн ішінде қабылданады/қабылданбайды. Тауар өндіруші келіскен кезде ЖАО жіберілген ұсынысқа сәйкес төлем жүргізеді. Тиесілі

субсидиялардың қалғаны қаражатты субсидиялар түрлері арасында қайта бөлу және (немесе) ағымдағы/келесі қаржы жылында (жылдарында) бюджет қаражатын бөлу кезінде төленеді.

Тауар өндіруші ішінара төлеу туралы ұсынысты қабылдамаған кезде немесе 2 (екі) күн өткеннен кейін ұсыныс күту парағына сәйкес келесі тауар өндірушіге жіберіледі.

Ескерту. 4-тарау 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.06.2024 № 217 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24-2. Ағымдағы қаржы жылында өтінімдерді қанағаттандыру үшін қаражат болмаған жағдайда, субсидия алуға мақұлданған өтінімдер ағымдағы қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде және (немесе) қаражатты субсидиялар түрлері арасында қайта бөлу кезінде төленуге тиіс. Ағымдағы қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты болмаған жағдайда, күту парағына келіп түскен өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу келесі қаржы жылында (жылдарында) жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тарау 24-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.06.2024 № 217 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімдері (бұдан әрі – ААШБ) СМАЖ арқылы "Міндеттемелердің орындалу мониторингі" бөлімінде субсидияланған мал басының сақталу мониторингін жүзеге асырады.

ААШБ тауар өндірушінің мәлімделген мал басының сақталуын (мал шығынының зоотехникалық нормасын қоспағанда) және субсидиялауға берілген өтінім шеңберінде оның мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету бойынша қабылдаған міндетін бұзғанын анықтаған жағдайда, ААШБ субсидиялар алуға берілген өтінім шеңберінде тауар өндірушінің қабылдаған міндеттемені бұзу фактісі (фактілері) анықталған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде тауар өндірушіге субсидия сомасын, қайтару мерзімін, тиіс Қазақстан Республикасының бюджеттік сыныптамасының қаражатты қайтаруды жүзеге асыру бойынша кодын, қаражат аударылатын банктік шоттың деректемелерін көрсете отырып алынған субсидиялар сомасын жергілікті бюджетке қайтару туралы хабарлама жібереді.

Алынған субсидия сомасын қайтару туралы хабарлама хатпен тауар өндірушінің тіркелген жеріне, сондай-ақ СМАЖ-дағы "жеке кабинетіне" жіберіледі. Хат келіп түскен немесе хабарлама электрондық жүйеде оқылған сәттен бастап хабарлама жеткізілді деп есептелінеді.

Тауар өндіруші субсидиялауға берілген өтінім шеңберінде қабылданған міндеттемені бұзғаны расталған жағдайда, әрбір сақталмаған мал басы үшін қаражат сомасы қайтарылуы тиіс. Алынған субсидия сомасын тауар өндіруші хабарламаны алған күннен бастап тоқсан жұмыс күні ішінде жергілікті бюджетке қайтаруы тиіс.

Хабарламада көрсетілген сомалар толық немесе ішінара аударылмаған жағдайда, ААШБ сот тәртібімен қаражатты қайтару жөнінде шаралар қабылдау үшін облыстың ауыл шаруашылығы басқармасына материалдар жібереді.

Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша міндеттемелердің орындалуын мониторингтеуді, сондай-ақ қаражатты қайтару жөніндегі шараларды осы әкімшілік аумақтық бірліктердің ЖАО-лары (көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

Тауар өндіруші берілген өтінім шеңберінде көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда, тауар өндіруші өзінің алдыңғы міндеттемелерін орындағаннан кейін ғана (сақталмаған мал басы үшін субсидиялар қайтарылғаннан кейін) жаңа өтінім беруге мүмкіндігі бар.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.06.2024 № 217 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. ЖАО (көрсетілетін қызметті берушінің) және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

26. ЖАО (көрсетілетін қызметті берушінің) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда, ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. Қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, ЖАО шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.

27. Тауар өндірушінің шағымын Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – ол тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

ЖАО (көрсетілетін қызметті берушінің), мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымды қарауға өкілеттік берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні

ішінде жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) шағым берген тауар өндірушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы хабарлайды.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына
1-қосымша

Субсидиялау бағыттары мен нормативтерінің тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.09.2024 № 331 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Субсидиялар түрлері	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу:		
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	Бас/ шағылыстыру маусымы	10 000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымдық аналық басы		15 000
2.	Ет және ет-сүт бағытындағы отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқа сатып алу	Сатып алынған бас	150 000
3.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:		
3.1	Отандық		150 000
3.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен, Украинадан әкелінген	Сатып алынған бас	225 000
3.3	Австралиядан, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінен, Еуропа елдерінен әкелінген		300 000
	Бордақылау алаңдарына бордақылауға немесе ет өңдеу кәсіпорындарына		

4.	союға өткізілген ірі қара малдың еркек дарағының (оның ішінде сүтті немесе сүтті-етті асыл тұқымды еркек дарақтар) құнын арзандату	Тірі салмақтың килограммы	200
5.	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеу кәсіпорындарының сиыр етін өткізу құнын арзандату	Сатылған сиыр етінің килограммы	175
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы			
1.	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу		
1.1	бір жынысты	Сатып алынған доза	10 000
1.2	екі жынысты		5 000
2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу		
2.1	Отандық	Сатып алынған бас	200 000
2.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен, Украинадан әкелінген		225 000
2.3	Австралиядан, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінен, Еуропа елдерінен әкелінген		400 000
3.	Сүт өндірісінің құнын арзандату		
3.1	600 бастан басталатын бағымдағы сиырлары бар шаруашылықтар	Өткізілген немесе өзінің өңдеу кәсіпорнына немесе цехқа орны ауыстырылған килограмм	45
3.2	400 бастан басталатын бағымдағы сиырлары бар шаруашылықтар		30
3.3	Саны 50 бастан басталатын бағымдағы сиырлары бар шаруашылықтар		20
3.4	Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі		Өңдеу кәсіпорнына немесе цехқа өткізілген килограмм
4.	Ірі қара мал эмбриондарының сатып алу құнын арзандату	Дана	80 000

5.	Асыл тұқымдық орталықтардың, асыл тұқымды жануарлардың ұрығы мен эмбриондарын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік орталықтардың және ұрықтандырушы-техниктердің тауар өндірушілердің және ауыл шаруашылығы кооперативтеріндегі ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша көрсеткен қызметтерінің құнын субсидиялау	Ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5 000
Етті құс шаруашылығы			
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапандарды сатып алу	Сатып алынған бас	600
2.	Тауық етін өндіру құнын төмендету		
2.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс		80
2.2	10 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген немесе өзінің өңдеу кәсіпорнына	70
2.3	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	немесе цехқа орны ауыстырылған килограмм	60
2.4	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс		50
Жұмыртқалы құс шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	60
Қой шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу		
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	Бас / шағылыстыру маусымы	4 000
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		2 500
2.	Отандық асыл тұқымды қой басын сатып алу		15 000

2.1	Импортталған асыл тұқымды аналық қой басын сатып алу	Сатып алынған бас	30 000
2.2	Импортталған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу		150 000
3.	Бордақылау алаңдарына бордақылауға немесе ет өңдеу кәсіпорындарына союға өткізілген ұсақ малдың еркек дарағының құнын арзандату	Сатылған бас	3 000
4.	Қой эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	Дана	80 000
5.	Асыл тұқымдық орталықтардың, асыл тұқымды жануарлардың ұрығы мен эмбриондарын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік орталықтардың және ұрықтандырушы-техниктердің тауар өндірушілердің және ауыл шаруашылығы кооперативтеріндегі аналық қой басын қолдан ұрықтандыру бойынша көрсеткен қызметтерінің құнын субсидиялау	Ұрықтандырылған бас/ шағылыстыру маусымы	1 500
Жылқы шаруашылығы			
1.	Мініс және мініс-жегін жылқылардың отандық тұқымдарының асыл тұқымды аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	Бас/ шағылыстыру маусымы	20 000
2.	Өнімділік бағытындағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	Сатып алынған бас	100 000
3.	Асыл тұқымдық орталықтардың шет елдік селекцияның мініс бағытындағы асыл тұқымды тұқымдық айғырларды сатып алу	Сатып алынған бас	
	Қазақстан Республикасының аумағында өсірілген		

4.	мініс және мініс-жегін жылқылар тұқымдарының асыл тұқымды мал басын күтіп-бағуға жұмсалған шығындарды өтеу	Бас/жылына бір рет	
Түйе шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу	Сатып алынған бас	100 000
Шошқа шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу	Сатып алынған бас	100 000
2.	Асыл тұқымды және тауарлық шошқалардың аналық және мал басын толықтыратын бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	Бас/жылына бір рет	40 000
Өңірлердің ерекшеліктері мен мамандануын ескере отырып, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі – ЖАО) қалауы бойынша жергілікті бюджеттен бөлінетін бюджет қаражаты есебінен			
1.	Маралдардың (бұғылардың) аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	Бас/ шағылыстыру маусымы	10 000
2.	Баларалары ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	Баларалары ұясы/ жылына бір рет	5 000
3.	Ауыл шаруашылығы жануарлары басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату	Бас	ЖАО белгілейді
4.	Ешкілердің асыл тұқымды аналық басын сатып алу	Сатып алынған бас	40 000
5.	Бие сүтін өндіру мен өңдеудің құнын арзандату	Килограмм	60
6.	Түйе сүтін өндіру мен өңдеудің құнын арзандату	Килограмм	55

Асыл тұқымды аталық малды сатып алуды субсидиялау тек тауар өндірушіде (асыл тұқымдық орталықтарды, асыл тұқымды бұқаларды тауарлық табындарға/

шаруашылықтарға жалға беретін бордақылау алаңдарын қоспағанда) аналық мал басы болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу құнының 50%-на дейін белгіленген нормативтер мөлшерінде субсидияланады.

"Ауыл шаруашылығы жануарлары басының азығына жұмсалатын шығындар құнын арзандату" бағыты бойынша субсидиялау гидрометеорологиялық қызмет растаған, өңірде азық дайындауға теріс әсер еткен төтенше жағдай жарияланған немесе қалыптан тыс ауа райы жағдайлары болған кезде ғана жүзеге асырылады. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап бұл талап Атырау, Маңғыстау, Қызылорда және Ұлытау облыстарындағы ауыл шаруашылығы жануарларының аналық мал басына қолданылмайды.

"Ауыл шаруашылығы жануарлары басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату" бағыты бойынша субсидиялау қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде жүзеге асырылады.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына 2-қосымша

Субсидиялар алуға үміткер тауар өндірушілерге қойылатын өлшемшарттар

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.09.2024 № 331 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

P/c №	Субсидиялар түрлері	Өлшемшарттар	Субсидиялау шарттарына сәйкестігін субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – СМАЖ) тексеру әдісі	Өтінім беру мерзімі
Етті және ет-сүт мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу:	1. Есепке алу нөмірінің болуы (ауыл шаруашылығы кооперативін қоспағанда) (2025 жылдың 1		

қаңтарынан бастап қолданыста).

2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл өлшемшарт жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты қолданылмайды.

3. Өтінім беру сәтінде АЖБ және САТЖАҚ-да аналық мал басының тіркелген болуы (ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің немесе кооператив мүшелерінің атында тіркелген болуы).

5. Мына әдістердің біреуі немесе бірнешеуі арқылы мал басының өсімін молайту:

5.1. Еркін шағылыстыру жүргізілгенде:

1) пайдаланылған асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы;

Ағымдағы жылдың 15 сәуірінен 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда)

1.1

Ірі қара малдың тауарлық аналық басы

2) бір асыл тұқымды тұқымдық бұқаға – кемінде 20 және 30-дан аспайтын аналық мал басы (қоса алғанда) болу қажет ;

3) тұқымдық бұқалар мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

жасы ағымдағы жылдың 1 маусымына 12 айға толған болуы керек; қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланылмаған; бұрын тұқымдық түрлендіруде пайдаланылмаған.

5.2. Қолдан ұрықтандыру жүргізілгенде:

1) ұрықтары пайдаланылған тұқымдық бұқалардың САТЖАҚ-да тіркелген болуы;

2) толық шағылыстыру үшін пайдаланылған асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың АЖБ және САТЖАҚ-да тіркелген болуы, олар мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

жасы ағымдағы жылдың 1 маусымына 12 айға толған;

қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланылмаған; бұрын селекциялық және асыл

Басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесімен (бұдан әрі – ББАЖ), жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесімен (бұдан әрі – ЖМБМКАЖ), селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорымен (бұдан әрі – САТЖАҚ) және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқормен (бұдан әрі – АЖБ) интеграциялық өзара әрекеттесу

